



Физика-техникалық факультет
Физико-технический факультет
Faculty of Physics and Technology

Студенттер мен жас ғалымдардың

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты халықаралық ғылыми конференциясы
Алматы, Қазақстан, 2019 жыл, 8-11 сәуір

Международная научная конференция
студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 8-11 апреля 2019 года

International Scientific Conference of
Students and Young Scientists

«FARABI ALEMİ»

Almaty, Kazakhstan, April 8-11, 2019

Сайлаубек Т.Н.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
Ғылыми жетекші: к.ғ.к., аға оқытушы Г.А. Баймаханов

Қазіргі кезде елдегі кәсіп-орындарға халықаралық стандарттарды пайдалану, соның ішінде, әсіресе, сапа менеджменті жүйесі бойынша 9000 стандарттар топ-тамасын жаппай енгізу мәселесіне мемлекет тарапынан баса назар аударылуда [1]. Сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) ИСО 9001-2015 сәйкестігіне сертификаттау мақсаттары келесіден тұрады: өтініш беруші әзірлеген және енгізген сапа менеджменті жүйесінің ИСО 9001-2015 талаптарына сәйкестік дәрежесін анықтау; өтініш беруші әзірлеген және енгізген сапа менеджменті жүйесінің тиімділігін анықтау. Жоғарыда көрсетілген кезеңдерге сәйкес кәсіпорындарда СМЖ әзірлеу, енгізу және сертификаттау кезінде орындалатын іс-шаралардың ұсынылған тізбесі төменде келтірілген. Кезеңдердің атауы, жұмыс түрлері, іс-шаралар: 1. СМЖ құруға дайындық. Сапа саласындағы кәсіпорынның саясатын анықтау. Кәсіпорынның сапа саясатын әзірлеу және бекіту. Сапа саласындағы мақсаттарды, міндеттемелер мен міндеттерді және оларға қол жеткізу жолдарын анықтау 2. СМЖ ұйымдық құрылымын қалыптастыру. Сапаны басқару бойынша өкіл тағайындау. Сапалы сервисті құру. СМЖ әзірлеу үшін команданы қалыптастыру. 3. Персоналды оқыту. 4. СМЖ әзірлеу және енгізу мерзімдері мен құнын бағалау. 5. Консультанттарды тарту. Кеңесшілерді іріктеу. Кеңес беру қызметтеріне шарт жасау.

Бүгінде дүние жүзінде менеджмент жүйелеріне талаптар белгілейтін бірнеше стандарт бар. Оларға ISO 9000 (сапа менеджмент жүйелері немесе СМЖ), ISO 14000 (экологиялық менеджмент), OHSAS 18000 (өндіріс қауіпсіздігі және денсаулық сақтау), HASSP нормалары және ISO 22000 (тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі), SA 8000 (әлеуметтік және этикалық менеджмент) стандарт топтамалары жатады. Техникалық реттеу және метрология комитетінің мәліметіне сүйенсек менеджмент жүйесі бойынша сертификаттаудан өткен кәсіпорындар саны әртүрлі кезінде онтайланып келеді, енгізілген стандарттары келесідей: ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001, ISO 22000. Жоғарыдағы мәліметтерге қарағанда кәсіпорындар СМЖ енгізу мәселесіне артықшылық беретіні байқалады. Қазіргі кезеңде дүниежүзілік тәжірибеде интеграцияланған менеджмент жүйесіне (ИМЖ) негізінен сапа менеджменті, экологиялық менеджмент, өндірістік қауіпсіздік және денсаулық сақтау менеджменті, әлеуметтік жауапкершілік менеджменті қатарлы менеджменттер қамтылуда.

Сапа менеджменті жүйесінің негізін қалаушылардың бірі доктор Дауранның ұстанымы бойынша сапа тұтынушыға бейімделу және қызметкерлерді қанағаттандыру дәрежесімен айқындалуы тиіс [2]. Осы тұрғыдан алғанда кәсіпорынның алдына қоятын стратегиялық мақсаттары тұтынушымен тығыз қарым-қатынас орнату, инновация енгізу, шығынды азайту, сапаны арттыру арқылы бәсекелестік бәйгесінде алға озу болып табылады. Сапа менеджментінің жүйесі қандай да бір жаңа технологияны енгізбей-ақ, арзан шикізат, материал пайдаланбай-ақ тек қана ұйымдастыру шараларын оңтайлы жүргізу арқылы өнімнің өзіндік құнын азайтумен қатар, сапаны арттыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, кәсіпорынның экономикалық күш-қуаты артып, жұмысскерлердің еңбекқабқысын өсіруге, жұмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік туады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Асқаров Е.С. Сапаны басқару. -Алматы: Экономика, 2016, 241, 284 б.
2. Басовский Л.Е., Протасьев В.В. Управление качеством. Учебник –М.: ИНФРА-М, 2017, 212 с.